

Үндеу

Нұр-Сұлтан қаласы
Ақорда, Қ.К.Тоқаев мырзаға

АШЫҚ ХАТ

Мемлекет басшысы, аса қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Сіздің Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауыңызды Қарағанды облысы, Шет ауданының жұртшылығы шынайы ықыласымен қарсы алып, Жаңа Қазақстан құруға арналған сан-салалы реформаларыңызды толықтай қолдайды және оларды іске асыру жолында аянбай еңбек етеді деген ниетімізді Сізге жеткіземіз.

«Қасіретті қаңтар» оқиғаларынан соң қазақ елінің басына төтеншеден түскен ауыртпашылық пен қиындықтарды жою мақсатында, экономиканың үрдісін тұрақтандыруға, халықтың тұрмыстық деңгейін көтеруге, адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандығын сақтауға бағытталған, қолға алып жатқан игі іс-шараларыңыздың орындалуына Алла жар болсын дейміз.

Аудан тұрғындары мен көпшіліктің атынан Сізге айтарымыз бен өтінішіміз бар:

Бұрынғы таратылған Жезқазған облысының орнына жаңадан Ұлытау облысы құрылатын болды. Осыған орай Сарыарқаның ортасында орын тепкен Шет ауданының тарихы өте күрделі және аянышты. Ғасырға жуық (94 жыл) тарихы бар Шет ауданы ертеде Қарқаралы уезінің шетінде орналасқандықтан, Шет деп аталып, тарихқа енді. 1930 жылдары аудан Алматы облысының құрамына кірді. Аудан орталығы Ақсу-Аюлы селосы Алматыдан 880 шақырым. 1933 жылы аудан Қарағанды облысына берілді. Бұл өте дұрыс шешім еді. Аудан орталығы Қарағандыдан небәрі 110 км. 1962 жылы Шет ауданы жабылып, Ақтоғай ауданына (облыс орталығынан кері қарай 120 км) берілді

1964 жылы қайтадан Шет ауданы ашылды. 1973 жылы Жезқазған облысы жаңадан құрылып, соның еншісінде 1997 жылға дейін болдық. Осы 1973 жылы Шет, Жаңаарқа аудандарының негізінде жаңадан Ақдiр ауданы құрылды. Осы кезде бiздiң ауданның құрамында 12 ауылдық, кент округтерi болған.

1997 жылы Жезқазған облысы жабылып, Ақдiр ауданы таратылып бiздiң Шет ауданының құрамына ендi. Қәзiргi кезде ауданның құрамында 18 ауылдық, 7 кенттік округтер бар, барлығы 25 округтер мен 63 елдi мекендер бар. Аумағы өте үлкен өңiр 65 700 шаршы шақырым.

Жаңадан құрылатын Ұлытау облысының орталығы Жезқазған қаласынан ауданның орталығы Ақсу-Аюлы ауылы 530 км., ал Ақжал, Ақшоқы, Алмалы, Қарабұлақ, Кеншоқы, Мойынты,

Қызытау елдi мекендерi 700-ден астам шақырым жерлерде орналасқан. Ауданның географикалық орналасу жағдайын ескерiп, Шет ауданын Қарағанды облысының құрамында қалдыруды Сiзден өтiнiп сұраймыз. Бұл өтiнiштi республикалық, облыстық деңгейдегi билiк орындағы азаматтар қолдайды деген үмiтiмiз бар.

Бұндай өтiнiшiмiздiң сыры мынада. Ақиқатын айтсак, Сiздiң «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты республика халқына арнаған Жолдауыңыздың басты мақсаты да елдiң әлеуметтік, рухани хал-ахуалының жақсаруы десек, аудан тұрғындарының 100 км-ден сәл астам жердегi Қарағандыға қатысуы, аудандық деңгейдегi медицина орталығынан гөрi, облыс емхана, ауруханаларына қаралып, емделуi - бәрi де дұрыс жолға қойылғанын баса айтқымыз келедi. Тұрғындар iшiнде түрлi топтағы мүгедектер бар. Олар белгiленген уақытта облыс орталығына медициналық байқаудан өту үшiн барып тұруы керек. Қартаң адамдар, соғыс және тыл, еңбек ардагерлерi емделу үшiн, тиiстi құжаттар толтыру үшiн, т.б жағдайлармен 530-700 км жердегi Жезқазғанға баруы және онда бiрнеше күн болуы - бәрi де қиындық туғызатыны анық. Қазiр шағын және орта бизнеске ерекше мән берiлуде, көптеген кәсiпкерлер iшкi және сыртқы нарықта өнiмдерiн өткiзу үшiн Қарағандыдағы түрлi компаниялармен келiсiм-шарт жасасқан. Бұл мәселенi де ескерген дұрыс деп санаймыз.

Болашақта аудан жастарының Нұр-Сұлтан, Қарағанды қалаларында заманауи талаптарға сай бiлiм алып, табысты еңбек етуiне және барыс-келiсiне қолайлы болар едi.

Жаңадан ашылатын Ұлытау облысының көлемi мен әлеуетiн бұрынғы жабылып қалған Жезқазған Торғай облыстарының аудандарының негiзiнде толықтыруға мүмкiндiк болар деген ойдамыз.

Сiзге арнайы жазылған осы хатымыз оң шешiмiн табады деген сенiмдемiз.

Ауданның 30 абыз аксақалдарының атынан, қолдары қойылған.

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ,
ауданның - қоғамдық
кеңестiң төрағасы.
Есенбай ҚАСЫМОВ,
ауданның аксақалдар
алқасының м.а.
Боранбай ЖҰМКИН,
ауданның Құрметтi азаматы.